








**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ**

Қолы подпись	БЕКІТІЛДІ
— Ғылыми кеңесінің шешімімен —	
Құжандырамын	Қаттаманың № 81289
Келісетін күні	17 сәуірі 2018 ж.
Ученый секретарь совета	

**МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
БІЛІМ АЛУШЫСЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

Коды	Басылым	Құрастырғандар	Келісілді
К БҚММУ 03	Бірінші	Курманғалиева С.С.  12 04 2018 ж.	Абилов Т.С.  17 04 2018 ж.
		Бобырева М.М.  12 04 2018 ж.	Смагулова Г.А.  17 04 2018 ж.
		Власова Л.Н.  12 04 2018 ж.	Жиеналин Е.Ш.  17 04 2018 ж.

Ақтөбе, 2018


	<p align="center">ҚР ДСМ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК</p>	<p align="center">Күні: 12.04.2018</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">Марат Оспанов атындағы БҚММУ Білім алушының ар-намыс кодексі</p>	<p align="center">К БҚММУ 03</p>	<p align="center">5-беттің 2-беті</p>

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Білім алушының ар-намыс кодексі – тәртіптің негізгі нормалары мен ережелерінің жиынтығы, оларды бұзбау жоғары білім беру жүйесінің басты мақсатын – мамандық бойынша барлық қажетті құзыреттіліктерге және қазіргі заманғы өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілеттеріне ие кәсіби және мәдени-бағдарлы тұлға даярлауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
- 1.2. Осы кодекс Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті білім алушысы тәртібінің негізгі этикалық ережелерін анықтайды және білім алу үшін жайлы жағдай мен жағымды психологиялық ахуал жасауға бағытталған.
- 1.3. Ар-намыс кодексі Марат Оспанов атындағы БҚММУ барлық білім алушылары арасындағы оқуға қабылданған кезден бастап, оқуды аяқтаған кезге дейінгі тәртіпті анықтайтын ерікті келісім болып табылады.
- 1.4. Кодекстің басты міндеті - білім алушының ҚР заңнамалық актілерінде, ҚР «Білім туралы» Заңында, «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңында көрсетілген құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету.
- 1.5. Марат Оспанов атындағы БҚММУ-да (бұдан әрі - Университет) білім алушының ар-намыс кодексі (бұдан әрі Кодекс) ішкі нормативтік құжаттар негізінде жасалған:
 - «Марат Оспанов атындағы БҚММУ» ШЖҚ РМК Жарғысы;
 - Марат Оспанов атындағы БҚММУ Академиялық саясаты;
 - Марат Оспанов атындағы БҚММУ-да білім алушылардың ішкі тәртіп ережесі.
 - Осы Кодекс бекітілген мерзімнен бастап күшіне енеді.

2. НЕГІЗГІ ЭТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР МЕН НОРМАЛАР

- 2.1. Университеттің барлық білім алушыларына үндеу тасталады:
 - өз елінің лайықты азаматы, таңдаған мамандығының кәсіпқойы болуға ұмтылуға;
 - университет дәстүрлерін құрметтеуге, сақтауға және оларды көбейтуге, өз университетін қай жерде де, қашан да лайықты көрсетуге;
 - үлкендерге құрметпен қарау, басқалармен қарым-қатынас барысында дөрекілікке жол бермеуге, ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытуға, өзара түсіністік және ынтымақтастық негізінде қарым-қатынас құруға;
 - дөрекіліктің кез-келген түріне, ар-намысы мен абыройын қорлауға, тұлғаға физикалық және психологиялық күш көрсетуге, балағат сөздерге жол бермеуге;
 - Университет оқытушыларымен және қызметкерлерімен қарым-қатынас барысында субординация сақтауға, іскери қарым-қатынас ұстануға;
 - университет нормаларына сәйкес сыртқы келбет мәдениетін сақтауға;
 - шығармашылық белсенділікті (білім беру, ғылыми, спорттық-көпшілік, көркемөнерпаздар және т.б.) дамытуға, корпоративтік мәдениет пен ЖОО беделін көтеруге бағытталған кез-келген әрекетті қажетті және пайдалы деп тануға;
 - түрлі елдер мен халық өкілдерінің салт-дәстүрлеріне құрмет көрсетуге, Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес этникалық топтар мен діни конфессиялардың мәдениеті мен басқа да ерекшеліктерін ескеруге;
 - оқу үдерісін қалай да болдырмауға және басқалардың білім алуына кедергі келтіретін әрекеттерге жол бермеуге;
 - сыбайлас жемқорлыққа, алдауға, әділетсіздікке жататын, оқытушыларды, қызметкерлер мен басқа да тұлғаларды адастыруға апаратын кез келген әрекетке қатысуды лайықсыз деп тануға;
 - университетте кез келген заңға қайшы әрекеттерге жол бермеуге белсенді түрде ықпал етуге;

	<p align="center">ҚР ДСМ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК</p>	<p align="center">Күні: 12.04.2018</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">Марат Оспанов атындағы БҚММУ Білім алушының ар-намыс кодексі</p>	<p align="center">К БҚММУ 03</p>	<p align="center">5-беттің 3-беті</p>

- қандай да бір артықшылықтар алу үшін жеке және туыстық байланыстарды пайдаланбауға;
- ЖОО жатақханаларында тату көршілік қатынастар орнатуға, басқа да тұрғындармен және әкімшілікпен кикілжіңдерге жол бермеуге;
- жоғары мәдениеттілік көрсетуге, жағымды көңіл-күйде болуға, ойлаудың дербестігі мен сонылығын дамытуға;
- ЖОО-дан тыс жерлерде өзінің жоғары медициналық мектепке қатыстылығын ұмытпауға;
- өз ойын дұрыс жеткізуге, өз сөзін қадағалау және ана тілін құрметтеуге;
- университеттің мүлкіне және басқа да материалдық құндылықтарына ұқыптылықпен қарауға, вандализмге жол бермеуге, аумақта, аудиториялар мен өндірістік базаларда тазалық пен тәртіпті қолдауға.


3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН НОРМАЛАРЫ

3.1. Білім алушы құқылы:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түріне, конференцияларға, сипозиумдарға қатысуға, өз жұмыстарын басылымдарға, соның ішінде университет басылымдарына ұсынуға;
- ЖОО мәдени және спорттық-көпшілік шараларына қатысуға;
- оқудағы, ғылыми, спорттық және шығармашылық жұмыстардағы жетістіктері үшін марапатталуға;
- бір кәсіби білім беру бағдарламасынан баскасына ауысу мүмкіндігіне;
- өндірістік практиканы Университетпен тиісті келісімшарт жасалған клиникалық базаларда өтуге;
- университет жұмысының маңызды мәселелерін талқылау мен шешуге қатысуға, соның ішінде қоғамдық ұйымдар мен оның басқару органдары арқылы, университеттің басқару органдарына ұсынылуға;
- оқу-тәрбие үдерісіне қатысу үшін ақпараттар мен ресурстарды, кітапханаларды, ақпараттық қорларды еркін пайдалануға;
- ЖОО-ның оқу, ғылыми, емдеу және басқа да бөлімшелерінің қызметтерін университеттің жергілікті актілерімен белгіленген тәртіп бойынша тегін пайдалануға;
- басшылыққа белгіленген тәртіп бойынша оқу және қоғамдық жұмыстар сұрақтары бойынша жүгінуге;
- жоғары кәсіби білім стандарттарын сақтай отырып өз білім алуының мазмұнын құруға;
- ҚР заңымен белгіленген тәртіпте ЖОО әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға.

3.2. Білім алушы міндетті:

- ЖОО жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және жатақханада тұру ережелерін сақтауға;
- белгіленген мерзімде білім беру бағдарламасының талаптарын және білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрін орындауға;
- сабақтардың барлық түріне кешікпеуге, сабақтардан қалмауға және оларға кестеге сәйкес қатысуға;
- сабақ кезінде мобильді байланыс құралдарын сөндіруге;
- сабақ өткізуге әңгімелесу, оқу бөлмесінде жүріп-тұру арқылы кедергі келтірмеуге, егер ондай жағдай сабақ ерекшелігі бойынша қарастырылмаған болса;
- БӨЖ тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындауға;
- оқу бойынша қарыздарды уақытылы жоюға;
- білім алушының академиялық адалдығының нормаларын және іскерлік тәртіп ережелерін сақтауға;

	<p align="center">ҚР ДСМ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК</p>	<p align="center">Күні: 12.04.2018</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">Марат Оспанов атындағы БҚММУ Білім алушының ар-намыс кодексі</p>	<p align="center">К БҚММУ 03</p>	<p align="center">5-беттің 4-беті</p>

- белсенді өмір салтын ұстануға, дене тәрбиесі мен спортпен айналысуға, жеке гигиена ережелерін сақтауға, уақытылы медициналық тексеруден өтуге, ұйқы, демалыс және тамақтану тәртібін сақтауға;
- топтың, факультеттің, университеттің қоғамдық өміріне қызығушылықпен және белсенді қатысуға;
- академиялық арам ниеттіліктің барлық түрімен күресуге және оларды сапалы да бәсекеге қабілетті білім алумен үйлеспейтін ретінде қарастыруға;
- университетте де, одан тыс жерлерде де саяси әдептілікті сақтауға;
- университет дәстүрлерін құрметтеуге, сақтауға және қолдауға;
- университет мүлкін ұқыпты ұстауға;
- ұқыпты киінуге, ерсі киім, макияж және маникюрден бас тартуға.

3.3. **Білім алушыларға тыйым салынады:**

- білімді бағалау үдерісін бөтен тұлғаның өтуіне жол беруге;
- бағаны (балды) көтеру, тест тапсырмаларының дұрыс жауаптарын алу мақсатында және белгіленген тәртіпке қайшы келетін басқа да мақсаттармен оқытушылардың компьютерлеріне, Университеттің мәліметтердің электронды базасына және басқа да құжаттарына (журналдар, ведомостар және т.б.) өз бетімен (рұқсатсыз) кіруге;
- аралық бақылаулар, дифференциалды сынақтар мен емтихандар кезінде мобильді және басқа да электронды құралдарды пайдалануға;
- ЖОО барлық ғимараттарын және өндірістік базаларды ластауға, сағыз шайнауға, оқу үдерісі барысында тамақ ішуге;
- тәртіп бұзуға бағытталған ақпараттың таратылуына жол беруге, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатысуға;
- есірткі және басқа да психотроптық заттарды сақтауға, қолдануға және таратуға;
- ғимараттарда, жатақханаларда, университет аумағында және барлық өндірістік базаларда темекі шегуге, спиртті ішімдіктер ішуге, алкогольдік масаң күйде болуға.

4. **АР-НАМЫС КОДЕКСІН ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК**

- 4.1. Осы Кодекстің ережелерін Университеттің барлық білім алушылары, оқу курсына қарамастан, қолдануға және сақтауға міндетті. Кодекстің ережелерін білмеу жауапкершіліктен босатпайды.
- 4.2. Білім алушы Кодексті білуге және сақтауға міндетті.
- 4.3. Аталмыш Кодекстің ережелерін сақтамағаны, жүйелі және өрескел бұзғаны үшін білім алушы Университет басшылығы мен тәртіп бұзушыларға тәртіптік сипаттағы түрлі формаларды қолдануға құқылы басқа да органдар алдында, тіпті оқудан шығаруға дейінгі, жауапкершілікке тартылады.
- 4.4. Осы Кодекстің нормаларын бұзған білім алушыға қатысты Университет басшылығы келесі тәртіптік шараларды қолдана алады:
 - ескерту;
 - сөгіс;
 - жеке ісіне жаза отырып қатаң сөгіс;
 - университеттен шығару.
- 4.5. Тәртіптік шаралар деканаттың ЖОО әкімшілігі қатысқан мәжілісінде анықталады.
- 4.6. Лайықсыз мінез-құлықтың кез-келген түрі жеке қаралады, шешімді комиссия шығарады.
- 4.7. Білім алушылар Кодекстің бұзылуына байланысты жағдайларды талдауға қатысуға құқылы.

5. **АР-НАМЫС КОДЕКСІМЕН ТАНЫСУ, ОНЫҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ**

